



Автор: Каримова Бакытханым Сагидуллақызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мәдени мұра
Тақырып: Қазақстанның экономикадағы жетістіктері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.3.1 – Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	- XX-XXI ғасырларда Қазақстан аймағында қандай өндірістік кәсіпорындар салынғанын біледі; - еліміз үшін тың игерудің қандай маңызы болғанын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік мақсат Тың жер, сыртқа шығару сөздерінің анықтамасына мән беру. Түсіндірме сөздік. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Өндіріс, өнеркәсіп, пайдалы қазбалар, тың және тыңайған жерлерді игеру, өнімнің жаңа түрлері. Диалогке/жазылымға қажетті сөйлемдер: XX ғасырда елімізде пайдалы қазбалар өндіріле бастады. Пайдалы қазбалар табылған жерлерге қалалар тұрғызылды. XXI ғасырда елімізде өнімнің жаңа 500 түрін шығаратын кәсіпорындар ашылды. Талқыланатын сұрақтар: - XX ғасырда Қазақстанда қандай өндірістік кәсіпорындар тұрғызылды? - Түрксіб теміржол құрылысының экономика үшін қандай маңызы болды? - Қазақстандағы қандай фирмалардың өнімдері шетелде жақсы танылған? - Тың игерудің еліміз үшін қандай маңызы болды? - Қазіргі таңда елімізде өнімнің қандай жаңа түрлерін өндіру қолға алынып жатыр? Жазылым. Суретші Әбілхан Қастеевтің «Түрксіб» картинасына сипаттама беру (5-6 сөйлем).
Күтілетін нәтиже:	Барлық оқушылар: - XX-XXI ғасырларда Қазақстан аймағында қандай өндірістік кәсіпорындар салынғанын біледі; - еліміз үшін тың игерудің қандай маңызы болғанын түсіндіреді. Көптеген оқушылар: - Қазақстанның картасынан өндірістік кәсіпорындардың орналасқан жерін табады; - сұрақтарды талқылайды, пікірлерімен бөліседі. Кейбір оқушылар: - XX ғасырда еліміздің экономика саласында болған жағдайларға байланысты отбасылық мұрағаттан фотосуреттер жинайды, үлкендермен әңгімелесіп, ақпарат жинайды. - Интернет ресурстарын пайдалана отырып, өндіріс саласында қандай жаңа өнімдер өндіріле бастағанын анықтайды.
Бағалау критерийлері:	- Қазақстанның картасынан өндірістік кәсіпорындардың орналасқан жерін табады; - сұрақтарды талқылайды, пікірлерімен бөліседі
Құндылықтарды дарыту:	Балдардың ой өрісін дамыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану
Бастапқы білім:	Экономика туралы түсінік

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	<p>Сабақтың басы Мақсатты тұжырымдау Жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру. Сәлемдесу! Мұғалім: Балалар, кәне, бір-бірімізге тілек айтып, бір-бірімізбен сәлемдесейік. Әр оқушы қасындағы көршісінің мына сөздерді айтады: • саған • сәттілік • табыс • қуаныш • • тілеймін • • Топқа бөлінеді? (мәдениет,ғылым,білім, экономика) Үй тапсырмасын сұрау (сақтар,ғұндар,түркілер,қазақтар) Үй тапсырмасын түсінсек қол шапалақтаймыз, түсінбесек тербелеміз. Біздер өткенде зерттеу жұмысын жүргіздік солай ма? Ендеше сол видеоға назар аударамыз. Мақсатымызға жеттік пе? Ендеше балалар бүгінгі сабағымыздың жаңа тақырыбы осы ребус арқылы шығады. Мұғалім: Балалар, мына ребусты шешіп, сабағымыздың бүгінгі тақырыбын анықтайық. . ЭКОНОМИКА. Мұғалім: Экономика сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер? «Экономика» сөзі грек тілінен алынған. Мағынасы «үйшаруашалығын жүргізу өнері» дегенді білдіреді. Экономика сөзінің қазіргі мағынасы тек отбасының шаруашылығын басқару дегенді емес, тұтас мемлекеттің шаруашылығын басқару дегенді білдіреді. Балалар, бүгінгі сабағымызда Қазақстанның экономика саласында жеткен жетістіктерін сөз ететін боламыз. Ұлы Отан соғысынан кейін халықтың жағдайы төмендеп кетті. Халықты нанмен қалай қамтамасыз ету керек деген мәселе бірінші кезекте тұрды. Еліміздің солтүстігінде астықты молынан – Балалар, «тың» сөзін естігенде, ойларыңа қандай сөздер келеді, нені елестетесіңдер? Оқушылар: жер, егіс даласы, дән, астық, нан, комбайн және т.б. егетін тың жерлер көп болды Жарайсыңдар, балалар! Мұғалім: Сендерге сабақта сәттілік тілеймін. Сабағымызға қатысты видеорол. назар аударайық.</p>	Видео роликке назар аудару
Сабақтың ортасы	<p>Мұғалім: мәтінде пайдалы қазбалардың атаулары кездеседі. Жұмбақтарды шешу арқылы пайдалы қазбалардың атауларын тауып көріңдер: Түсі қара, сұйық зат Тереңде жатады. Қазсаң атқылайды Жақсаң жанады Пайдаға жарайды. (Мұнай) Шахтадан оны қазамыз, Пешке салып жағамыз. Үлкен үйді жылытып, Рақатқа біз батамыз. Бұл не? (Көмір) Мөлдір, әрі түссіз, Өзі табиғи отын. (Табиғи газ) От емес, жарық емес, Бірақ оттай жарқырайды. (Алтын) Оқулықпен жұмыс Дәптермен жұмыс Картадан қай жерде қандай пайдалы қазбаны өндіретінін тауып, пайдалы қазбаның шартты белгісі бейнеленген жапсырманы картаға жапсырамыз. Пайдалы қазбаларды өндіретін кен орындарының маңайына қандай жаңа қалалар тұрғызылғанын картадан анықтаңдар. Топтық жұмыс Постер қорғау 1-топ- мәдениет IIтоп- ғылым III-топ - білім IV- топ.. экономика Өзін-өзі бағалау Сергіту сәті Зерттеушілік жұмыс топқа 1 топ- Алтынды зерттеу 2 топ- Экономика жетістіктері 3 топ,4 топ дебат қорғау Кері байланыс Гүлдің күлтешелері арқылы бағалау</p>	Оқулық Оқулық Қазақстанның физикалық картасы, пайдалы қазбалардың шартты белгілері бейнеленген жапсырмалар Оқушы дәптері Электронды қосымша
Сабақтың соңы	<p>– Балалар, сабаққа қойылған мақсаттарға қол жеткізе білдік пе? Оқушы дәптерінде берілген мына сандардың (3, 2, 1) бірін таңдап, мына белгіні қойыңдар. Мұғалім: Бүгінгі сабақта тарихымызда болған маңызды оқиғалар жайында көп ақпарат алдық. Сабаққа белсенді атсалысқандарың үшін сендерге алғыс айтамын. Еліміздің тарихына деген қызығушылықтарың ешқашан сөнбесін деп тілеймін! Балалар, енді бір-біріңе мақтау сөздер айтыңдар. Әркім парталас көршісіне қандай да бір қошемет сөз айту керек. Ең бастысы, айтылатын сөздер шын көңілден болсын!</p>	Электронды қосымша
Рефлексия	<p>Үйге тапсырма. XX ғасырда экономика саласында орын алған жағдайлар сенің отбасыңа қалай әсер етті? Отбасылық мұрағатта соған қатысты фотосуреттер бар ма? Үлкендермен әңгімелесіп, осы тақырыпта әңгіме құра. «Керемет сәттер» стратегиясы арқылы бағалау</p>	жапсырма қағаз